

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Стратегиялық жоспарлау және сапа комитеті мәжілісінің
№2 хаттамасы

Мерзімі: 18 ақпан 2019 жыл. Сағат 15:00

Орны: Мәдениет орталығы кіші зал.

Қатысқандар: Комитет мүшелері -12 , Женгиз Томар, Үмбетов Ө.Ү., Беркімбаев К.М., Абуов Ә.Е., Әбжет Б., Динашева Л.С., Жетібаев К.М., Айтбаева Н.Қ., Ашимов Р., Жолшибекова М.Р., Жұмжаева Г.Қ., Қыдырбаева А., Ламашарипова А., Үсен Байзақ – барлығы 26.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2018-2019 оқу жылында білім беру бағдарламаларын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өткізу туралы.
2. Университетте жүргізілген ішкі және сыртқы аудит нәтижелері туралы.
3. Институционалды және бағдарламалық рейтингіне (АРТА, Астана) қатысуды ұйымдастыру туралы.
4. Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі (УЕ-ХҚТУ-075-2019) және Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг еңбектерін бағалау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-076-2019) енгізілетін өзгерістер туралы.
5. Ахмет Ясауи университетінің 2018-2019 оқу жылына арналған индикативті жоспарындағы жинақ көрсеткіштерді талдау.
6. Әр түрлі мәселелер:
 - 6.1 Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг комиссиясы құрамын анықтау және жобасын Сенат мәжілісіне бекітуге ұсыну.
 - 6.2 Ахмет Ясауи университетінің Ережелерін дайындау тәртібі мен жауапкершіліктері туралы;
 - 6.3 Сапа саясаты, Академиялық саясат, Кадр саясаты, Қаржы саясаты құжаттарының рәсімделуі туралы.

І.Тыңдалды:

Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша университетіміздің 2018-2019 оқу жылында білім беру бағдарламаларын мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өткізу мәліметтерін назарларыңызға ұсынамын. Соңғы 5 жылда аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны 92, оның ішіндегі 30 мамандық сертификатының биыл мамыр айында уақыты бітеді. Осыған орай, 2018 жылдың 26 қыркүйек айында 30 білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден өткізу үшін «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (АРТА) мекемесімен №18/1143 келісім-шарт жасалынған болатын. 2018 жылдың 23 қарашасында мамандырылған аккредиттеу жүргізу бойынша 26.09.2018ж. №18/1143

келісім-шартына №1 Қосымша келісім жасалынып, тарих мамандығы орнына 6R112700-Жалпы хирургия білім беру бағдарламасы қосылды.

№	Аккредиттелетін мамандықтар тізімі
Жаратылыстану факультеті	
1	5B060800 Экология
2	6M060800 Экология
3	5B011200 Химия
4	6M060600 Химия
5	5B011000 Физика
6	6M011000 Физика
7	6M060400 Физика
8	6D011000 Физика
9	5B011300 Биология
10	6M011300 Биология
11	5B060700 Биология
12	5B011600 География
13	5B060100 Математика
14	5B010900 Математика
15	6M060100 Математика
16	6D010900 Математика
17	6M070500 Математикалық және компьютерлік модельдеу
18	6D070500 Математикалық және компьютерлік модельдеу
Медицина факультеті	
19	5B130100 Жалпы медицина
20	6M110100 Медицина
21	6D110100 Медицина
22	6R114200 Педиатрия
23	6 R112700 Жалпы хирургия
Инженерия факультеті	
24	5B011100 Информатика
25	6M060200 Информатика
26	5B070300 Ақпараттық жүйелер
27	6M070300 Ақпараттық жүйелер
28	5B071800 Электр энергетикасы
29	5B070400 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
30	5B070200 Автоматтандыру және басқару
Өнер факультеті	
31	5B012000 Кәсіптік оқыту

Келесі кезекте, университет президентінің 11.12.2018ж. №222 аккредиттеу бойынша «Жұмыс комиссиясы құрамын бекіту туралы» бұйрығы, Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президентінің 21.12.2018 ж. №3/73 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жөнінен өзіндік бағалау есептерін дайындау туралы» Өкімі, университет ректорымен бекітілген аккредитацияға дайындық Жоспары рәсімделіп, бекітіліп, құрылымдарға таратылды.

Қазіргі уақытта 31 мамандық бойынша қазақ және орыс тіліндегі өзіндік бағалау есебінің нұсқалары 90% дайын болды. 2018 ж. 4 желтоқсанда аккредитация бойынша жұмыс комиссиясын құру туралы бұйрық шыққан болатын. Комиссия мүшелері қазір бағалау есептерін қарап шығуда. Осы айдың соңына дейін түзетілген нұсқасын біз АРТА агенттігіне жолдауымыз қажет. Ендігі мәселе, өзіндік бағалау есептерін ағылшын тіліне аудару. Ол үшін Филология факультетінің оқытушылары мен Аударма орталығы бірігіп көмектесуі дұрыс болады. Аударма нұсқаларды жолдаған соң АРТА-ның сыртқы эксперттері қарап шығады, ескерту мен жақсарту ұсыныстарын жолдайды, ол бойынша қайтадан түзету жұмыстарын орындауымыз қажет. Ал 1 айдан соң, яғни сәуір айында білім беру бағдарламаларын аккредиттеуден өткізуге АРТА агенттігінен сыртқы эксперттері келеді, бағалау есептеріндегі мәліметтердің растығына көз жеткізеді.

Н.Қ.Айтбаева: Ағылшын тілінен пән оқытушыларының барлығы дерлік 1,5 ставкада жұмыс істейді және оларға қосымша жұмыс үшін ақша төлене ме, алдағы аударма жұмыстарын жасағанда еңбек ақы мәселесі қандай болады?

Ш.А.Есимова: Бұл мәселені қарастырамыз, аударылатын жұмыстың ауқымына қарай, қанша оқытушы аударатынына қарай.

Т.Ж.Ниязов: Аударылатын құжаттар өте ауқымды, сол үшін арнайы жұмыс тобын құрып, еңбек ақысын төлеу керек.

Женгиз Томар: Аударма мәселесі өте маңызды. Аударма жасалатын Ереже, нұсқаулар сияқты құжаттар да жинақталып қалған. Құжаттар түрік тіліне, ағылшын тіліне аударылуы тиіс. Оған қажетті ресурстар тартылуы қажет.

Шешім 1.1: 2018-2019 оқу жылында 31 білім беру бағдарламаларын мамандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден өткізуге дайындық жұмыстарының қазіргі деңгейі қанағаттанарлық деп есептелсін. Келесі кезеңдегі білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша жұмыстар одан әрі күшейтілсін.

1.2 Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінен (АРТА) аккредиттеуден өткізуге дайындалған 31 білім беру бағдарламаларын өзіндік бағалау есептері мен қосымшаларын ағылшын тіліне аудару мақсатында жұмыс тобы құрылсын. Жұмыс тобына жауапты етіп Т.Ниязов тағайындалсын.

1.3 Аударма жұмыстарына Аударма орталығының мамандары мен филология факультетінің оқытушылары тартылсын. Негізгі қызметтен тыс қосымша аударма жұмыстары үшін оқытушыларға қосымша төлемақы төлеу

карастырылсын. Төлемақы мөлшері мен аударма жұмыстарына тартылған ОПҚ тізімі, олардың еңбек үлесі жөніндегі ұсыныстар жұмыс тобында қаралып, шешімі университет әкімшілігіне ұсынылсын (*жауаптылар: Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев, аударма орталығының басшысы Р.Ашимов, филология факультетінің деканы Н.Айтбаева, жұмыс тобы. Орындау мерзімі: 2019ж. 27 ақпанға дейін*).

II. Тыңдалды:

Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша университетте жүргізілген ішкі және сыртқы аудит нәтижелері туралы айтып өтті. 2018 жылы 31-ші қазан күні барлық құрылым басшылары үшін, 2019 жылы 08-қаңтар күні факультет декандары мен кафедра меңгерушілері үшін университет мәдениет орталығының кіші залында ішкі аудиттің ашылу жиналысы өткізілді. Бұл жиналыста ішкі аудиттің мақсаты, былтырғы аудит ерекшеліктері, аудит бағдарламасы мен мерзімдері, аудиторлар тобы мен топ жетекшілері таныстырылды. Жаңа ISO 9001:2015 стандартының ерекшеліктері, қауіп-қатерлер мен тәуекелдердің алдын алу, оларды мүмкіндіктерге айналдыру, аудит кезіндегі аудиторлардың рөлі, ТӘС-ке берілетін мерзім туралы, ескертуші әрекеттер мен түзетуші әрекеттер бойынша ҚБ басшыларының жауапкершілігі түсіндірілді.

Аудиттің жүргізілуіне Сапа бойынша басшылық өкілі және бас аудитор басшылық жасады. Аудит жүргізуге аудиторлар – барлығы 15 адам қатысты. Аталған аудиторлар құрамынан университеттегі барлық құрылым бойынша ішкі аудит жүргізу үшін ішкі аудиторлардан құрылған 4 топ жасақталды.

31.10.2018-06.11.2018жж. және 08.01.2019-11.01.2019жж. аралығында жүргізілген ішкі аудит нәтижесінде анықталған сәйкессіздіктердің жалпы саны – 272, олардың ішінде: елеулі – 156, елеусіз – 116. Аудиттелген құрылымдар саны – 153, ШМИ – 22, КИ – 15, Түркістан оқу кампусы – 102, Ясауи колледжі – 16.

Анықталған елеулі сәйкессіздіктердің негізгі бағыттары:

1.	Білімгерлерге қызмет көрсету орталығының ережесі жасалмаған.
2.	Шетелдік білім алушылардың анықтамаларын тіркеу журналы талапқа сай емес.
3.	№2 Оқу ғимаратының кіре берісі талапқа сай қолданылмайды, құрылыс материалдары мен құрал-саймандар қойылған.
4.	№3 оқу ғимаратындағы бөлмелерін жарықтандыратын электр шамдары талапқа сай емес (118, 120 аудитория).
5.	№3 оқу ғимаратындағы бөлмелерінің температуралық режимі талапқа сай емес (суық).
6.	Университет сайтында құрылым туралы мәлімет жоқ.
7.	Кіріс және шығыс құжаттары журналға тіркелмеген, тіркеулер талапқа сәйкес емес.
8.	2017-2018 о.ж. түлектер қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің ережесі жасалмаған. Түлектер қауымдастығы бойынша жұмыстар толық жүргізілмеген.
9.	Құрылым жұмыс жоспарына қатысты SWOT талдаулар жасалынбаған
10.	Бас ғимараттағы қызметкерлер бөлмесі талаптарға сай емес (Мысалы, қаржы департаменті бөлмесінде жалюздар жоқ, күн сәулесі түсіп компьютермен жұмыс

	жүргізу мүмкіндігі төмен).
11.	Сапа бойынша мақсаттары, Сапа бойынша Саясаты, құжатталған процедуралар, құрылым ережесі қызметкерлерге толық таныстырылмаған.
12.	Түзетуші, ескертуші әрекеттер жоспарлары жасалмаған, талапқа сәйкес рәсімделмеген.
13.	Тексеру мерзімдері аяқталған, бірақ актуализацияланбаған құжаттар бар.
14.	Жаңадан ашылған құрылымдарда құрылым ережесі және қызметтік нұсқаулары жасалмаған
15.	Кейбір құрылымдарда 2017-2018 оқу жылына қорытынды талдаулар жүргізілмеген
16.	ISO 9001:2015 стандартының талаптарына сәйкес қауіп-қатерлер мен тәуекелдер реестрі, жою жоспарлары жасалмаған.

Барлық анықталған сәйкессіздіктер бойынша аудиторлар «СМЖ ішкі аудитін жүргізу барысында анықталған сәйкессіздіктер туралы» актілер толтырған. Құрылымдық бөлім басшылары оларды қол қойып қабылдап алып, түзетуші әрекеттерге кіріскен.. Анықталған сәйкессіздіктерді түзетуге 1-кезеңде 12 қарашаға дейін, бір апта мерзім берілді, ал ғимарат, жабдықтар сияқты күрделірек мәселелер бойынша сыртқы аудит процедурасына дейін, яғни 20.11.2018 дейін мерзім берілді. Ал 2-кезеңде 2019 жыл 20 ақпанға дейін мерзім берілген.

Ішкі аудит кезінде анықталған бұл сәйкессіздіктерді жою мақсатында және олардың қайталанбауын қамтамасыз ету үшін барлық құрылымдық бөлімдерде түзетуші әрекеттер жоспарлары әзірленген. Бұл жоспарларда түзетуші әрекеттерді орындау мерзімдері көрсетіліп, оларды орындауға жауапты қызметкерлер көрсетілген. Жоспарлар бойынша түзетілген сәйкессіздіктерге толтырылған актілер, түзетілгенін растайтын дәлелдік құжаттары көрсетілген соң жойылды. 6 сәйкессіздік жойылмаған. Барлық актілердің көшірмелері құрылымдық бөлімдерге таратылып, түп нұсқалары Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығына тапсырылды.

Ішкі аудит барысында анықталған сәйкессіздіктер, олардың түзетілуі және жойылуы, басқару алқасында талдануы мен қабылданған іс-шаралардың орындалуы туралы ақпараттар сыртқы аудитке ұсынылды.

Халықаралық сапа жүйесіне сәйкестікті сертификаттау аудиті ұйымдастырылды. Қараша айында Халықаралық ISO 9001:2015 стандарты бойынша IQNet Халықаралық сертификаттар жүйесінің партнері - Түркия стандарттар институты (ТСИ, Анкара) тарапынан сыртқы сертификаттау аудитін өткізу мақсатында Түркия стандарттар институтының бас аудитору Халил Ибрахим Арслан, аудиторлар Экрем Кале және Расим Йылмаз келді. 2018 ж. 7 қарашада Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат залында сыртқы аудиттің ашылу жиналысы өтті. Сыртқы аудиттің мақсаты - қолданыстағы сапа менеджменті жүйесінің Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін бақылау және сертификат жаңарту.

07-09 қараша аралығында өткен аудит барысында ТСИ аудиторлары тарапынан университетте және оның құрылымдық бөлімдерінде жүргізілген жұмыстардың TS EN ISO 9001:2015 стандарты баптарында (4-10) көрсетілген талаптарға сәйкестігіне, белсенділігіне және жүйелілігіне назар аударды.

Аудит барысында 5 факультет, 3 департамент, 8 бөлім, 1 колледж жұмыстарына тексеру жүргізілді. 9 қараша күні құрылымдық бөлім басшыларымен бірге өткізілген жабылу жиналысының тексеру нәтижесі бойынша ТСИ аудиторлары тарапынан жүйені жақсартуға бағытталған бірнеше ұсыныстар айтылды. Мәселен, мемлекеттік сатып алу бөліміне оң қарым-қатынас қалыптасқан фирмалар тізбесін жасақтау мен сатып алу бағасын порталға ұсынар алдында сараптау және негіздеу туралы ұсыныстар берілсе, ал шаруашылық қызметтер департаментіне жылумен қамтамасыз ету, энергия үнемдеу, энергия жабдықтары қазіргі заманғы құрылғылармен жаңартылып отыру, жоспарлаулар мен қадағалауларды жүйелі жүргізу қажеттілігі туралы кеңестер айтылды. Кадр бөлімінің көмегімен тек қана ОПК емес, әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерге де біліктілік жетілдіру жұмыстарына қосымша мән беру керектігін және оның маңызды екендігін, сонымен қатар білім ордасында сапа саласындағы жұмыстар тек Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығымен ғана жүргізілмеу керектігін, бұл жөнінен әр бөлімде кемінде 2-3 адам жауапты болу қажеттігін айтып өтті. Сонымен қатар, Кентау институтындағы жылыту қазандықтары мен жатақханадағы электр тарату щиттеріндегі техникалық қауіпсіздік шараларының сақталуына мән берілді, Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің кітапхана жүйесіне, электронды каталогтарға да назар аудару қажеттілігіне тоқталып өтті.

Ө.Үмбетов: Бұл кемшіліктерді түзету маңызды. Бұл бір реттік мәселе болмас үшін тұрақты жұмыс тобын құру керек. Барлық кемшіліктерді реттеу мен қайта қайталанбас үшін олар жүйелі түрде бақыланып отыруы тиіс.

Женгиз Томар: Ұжымдағы Сапа менеджменті саласы күрделі мәселе. Барлық қызметкерлерге Сапа менеджменті бойынша семинар өткізу керек, алған білімдерін айқындау үшін емтихан алып, соның нәтижесімен сертификат беру керек. Бұл жұмыстарды қосымша ұйымдастырған дұрыс.

Шешім 2.1: Университетте қолданыстағы сапа менеджменті жүйесінің ISO 900:2015 Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында жүргізілген ішкі аудит нәтижелеріне сәйкес жүйелі сәйкессіздіктерді жою және қалпына келтіру, техникалық, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық талаптардың бұзылмауын қадағалау бойынша жүйелі түрде жұмыс жасайтын тұрақты жұмыс тобы құрылсын. Тұрақты жұмыс тобы жұмыс бағдарламасын түзіп университет әкімшілігіне ұсынсын және орындалу жөнінде Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінде есеп беруі қадағалансын. Жұмыс тобы кемшіліктер айқындалған құрылымдар мен бөлімдердегі жауапты қызметкерлердің сәйкестігі мен күзiреттілігін талдау жүргізісін (*жауаптылар: сала бойынша вице-президенттер, Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев, жұмыс тобы. Орындау мерзімі: 2019ж. 1 наурызға дейін*).

2.2 Университеттің стратегиялық бағытына және сапа менеджменті жүйесінің көзделген нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында, Стандарттың 4.4, 7.1.6, 7.3 баптарына орай процестерді ендіру, сүйемелдеу және тұрақты

жақсарту мақсатында барлық құрылымдардың басшылары мен өкілдеріне сапа менеджменті жүйесі бойынша курс, семинарлар ұйымдастырылсын. Курсқа қатысушылар мен нәтижелі аяқтаушыларды сертификаттау мүмкіндігі қарастырылсын (*жауаптылар: Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев. Орындау мерзімі: 2019ж. 1 маусымға дейін*).

III. Тыңдалды:

Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Институционалды және бағдарламалық рейтингіне (АРТА, Астана) қатысуды ұйымдастыру туралы. Бірнеше Ұлттық агенттіктер бар. Университеттің білім беру бағдарламаларын НКАОКО, НААР агенттіктерге 2013-2018 жылдар аралығында қатыстырып келеміз. Әр мамандық үшін 30-50 мың теңге аралығында төленеді. Әр агенттіктің тексеру әдістемелері әр түрлі, мысалы, бір мамандықтың білім беру бағдарламасы НААР агенттігінен жоғары дәреже көрсетсе, НКАОКА агенттігінде орта көрсеткіш көрсетеді және керісінше.

НКАОКА агенттігінің рейтингіне сай университетіміздің білім беру бағдарламалары төмендегідей орындарға ие болды:

1-орын – 5B050700 – Менеджмент, 6M050700 – Менеджмент, 5B011400 – Тарих.

2-орын – 5B050600 – Экономика, 5B010900 – Математика, 5B011200 – Химия. 5B090200 – Туризм.

3-орын – 5B060800 – Экология, 5B010400 – Бастапқы әскери дайындық, 5B130100 – Жалпы медицина.

ҚР ҰКП «Атамекен» рейтингіне сай 5B060800 – Экология мамандығының білім беру бағдарламасы 40 ЖОО ішінен 2-орынға ие болды.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің 2018 жылғы рейтингіне сай еліміздің көпсалалы университеттерінің ішінде 6-орында тұрмыз.

Еуропалық ғылыми-өндірістік палатасы өткізген Халықаралық рейтинг нәтижесі бойынша 96 ЖОО арасынан 11-орынды иеленді.

Биыл НААР агенттігіне 20 мамандықтың білім беру бағдарламасын қатыстыру жоспарлануда. Ол бойынша 2014-2018 жылдар аралығында олардың рейтинг көрсеткіштеріне талдау жасап мониторинг жасап келеміз. Мониторинг нәтижесі экранда назарларыңызда.

Ө.Ү.Үмбетов: Жалпы рейтинг жасау дұрыс. Бұл жерде кафедра меңгерушілері үлкен рөл ойнайды, олар білім беру бағдарламаларын мәліметтерін қалай береді, нәтиже соған байланысты болады. Осыған назар аудару қажет.

Шешім 3.: «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» ұйымдастырып отырған институционалды және бағдарламалық рейтингке қатысуға 20 білім беру бағдарламалары ұсынылсын (тізім бойынша) (*жауапты: Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев. Орындау мерзімі: 2019ж. 15 наурызға дейін*).

IV Тыңдалды:

Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі (УЕ-ХҚТУ-075-2019) және Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг еңбектерін бағалау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-076-2019) енгізілетін өзгерістер туралы.

Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі 4 жылдан бері бар, 4 рет өзгеріске ұшырады. Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің – оқытушы-профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер мен кафедра, бағдарлама, факультеттер, жоғарғы мектеп, ғылыми-зерттеу институттарының кәсіби рейтингін анықтау шарттарын белгілейді және тәртібі талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады. Ережеге алдын-ала берілген ұсыныстарыңыз бойынша біршама түзетулер жасалды. Олар қызыл түспен боялып, жобасы барлықтарыңызда өткен аптада сәрсенбі күні таратылды. Осы ережеге қосарларыңыз, айтар пікірлеріңіз бар ма?

Үсен Байзақ: Импакт-факторлы мақаланы жылына бір рет шығаруға болады, оған 350-500 аралығындағы балл беріледі, ал оқулықты бес жылдай зерттеп дайындайды, оған 50 ғана балл берілді. Неге? Меніңше оқулықтың баспа табағына қарап 300-500 балл аралығында бағалану керек.

Женгиз Томар: Сіз шын мәнінде Еуропа стандартына сай оқулық жазыңыз, 500 балл берейік. Сенатта қаралған көп оқулық ағылшын тілінде жазылған, бірақ ағылшын әдебиетіне бірде бір сілтеме жасалынбаған, сонда қайдан зерттеп жазған. Сенатқа дейінгі қанша талқыдан, комиссиядан өтті ғой сол оқулық.

Ш.А.Есимова: Сан емес сапаға жұмыс істейік.

Ө.Ү.Үмбетов: Шетелден шыққан оқу құралы және шетелдік авторлармен бірігіп жазған оқу құралдары деп екі көрсеткіш қосуды ұсынамын.

Ж.Дарибаев: Бүгінгі талқылауларға қоса, Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі (УЕ-ХҚТУ-075-2019) және Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг еңбектерін бағалау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-076-2019) толықтырулар мен өзгертулер ендіруге алдымыздағы Сенатқа дейін тағы 10 күн уақыт берейік. Ереже жобасын тағы қарап, ұсыныстарды жазбаша түрде беріңіздер. Соның негізінде толықтырылған Ереже жобасын Сенат мәжілісіне бекітілуге ұсынайық.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі (УЕ-ХҚТУ-075-2019) және Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг еңбектерін бағалау ережесіне (УЕ-ХҚТУ-076-2019) өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін және Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын (*жауаптылар: Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы Ш.Есимова, Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев. Орындау мерзімі: 2019ж. 1 наурызға дейін*).

V. Тыңдалды:

Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша Ахмет Ясауи университетінің 2018-2019 оқу жылына арналған индикативті жоспарындағы жинақ көрсеткіштерді талдау. Индикативті жоспар барлық факультеттер, кафедралар, ғылыми-зерттеу институттары үшін жаңа оқу жылы алдында бекітілген болатын. Соларды біріктіріп, сонымен қатар кейінгі өзгерістерді де қоса ендіріп және қараша айында бекітілген Стратегиялық жоспар индикаторларына сәйкестендіріп, университеттің 2018-2019 оқу жылына арналған индикативті жоспары жобасы барлықтарыңыздың электронды почталарыңызға жіберілді. Енді соны бекітуіміз қажет. Осы уақытқа дейін жоба бойынша ешкімнен ұсыныс болмады. Бұл жоспар бекітілгеннен соң, келтірілген көрсеткіштерге сәйкес барлық құрылымдар оқу жылының соңында жоспарға сай есеп беріледі. Қоысп-аларларыңыз бар ма, осыған келісесіздер ме? Бірауыздан келісілді.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің 2018-2019 оқу жылына арналған индикативті жоспары бекітілсін *(жауапты: Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев. Орындау мерзімі: 2019ж. 27 ақпанға дейін).*

VI Тыңдалды:

6.1 Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша ең алдымен Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг комиссиясы құрамын анықтау және жобасын Сенат мәжілісіне бекітуге ұсыну. Оқу-әдістемелік, ғылым, адам ресурстары және рухани жаңғыру (тәрбие) жұмыстары бойынша оқытушы-профессорлар, ғылыми қызметкерлер, ғылыми-зерттеу институттары (орталықтар), бағадрамалар-кафедралар мен жоғары мектеп-факультеттердің ішкі кәсіби рейтингін анықтау комиссиясының құрамының жобасын дайындадық, жоба сіздерге алдын ала ұсынылған. Пікір білдіріңіздер және сол бойынша дауысқа салайық.

Ө.Ү.Үмбетов: Академиялық бағыт бойынша Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының басшысы Мағрипа Рысбековнаны комиссия мүшелігіне қосуды ұсынамын.

К.М.Беркимбаев: Ғылыми зерттеу институттары бағыты бойынша Ахмет Ясауи атындағы дінтану ғылыми-зерттеу, талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығының директоры Досай Кенжетайды ұсынамын.

К.М.Жетібаев: Мен 5 ай іс-сапарда боламын, Досай Кенжетайдың орнына мені алып тастап, қоспауларыңызды сұраймын.

Шешім 6.1: Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтинг комиссиясы құрамы төмендегі құрамға сай жасақталсын:

Комиссияның тең төрағасы: Женгиз Томар – I вице-президент;

Комиссияның тең төрайымы: Ш.Есимова – Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент;

Комиссия мүшелері:

1. Ө.Үмбетов – Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент;

2. К.Беркимбаев – Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент;

3. А.Абуов – Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі – вице-президент;

4. Т.Ниязов – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;
5. Б.Әбжет – Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі басшысы;
6. Л.Динашева – Рухани жаңғыру ғылыми тәжірибелік орталығының директоры;
7. Ы.Молдалиев – Медицина факультетінің деканы;
8. Н.Айтбаева – Филология факультетінің деканы;
9. Г.Момбекова – Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің директор орынбасары;
10. Д.Кенжетай – Ахмет Ясауи атындағы дінтану ғылыми-зерттеу, талдау-сараптамалық және әдістемелік орталығының директоры;
11. Г.Балкибаева – Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығының басшысы;
12. Булент Шен – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары;
13. М.Жолшыбекова – Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталығының басшысы;
14. Е.Керімбеков – Коммерциялизациялау офисінің басшысы;
15. Ж.Дарибаев – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы.

6.2 Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің алтыншы мәселесінде келесі қарастыратынымыз Ахмет Ясауи университетінің Ережелерін дайындау тәртібі мен жауапкершіліктері туралы. Министрлік тарапынан өзгеріске ұшырап, қайта бекітілген заңға және қайта бекітілген барлық нормативтік құжаттарға байланысты университеттің қолданыстағы көптеген ережелері бакалавриат тарапынан Сенат мәжілісіне ұсынылып, бекітілді. Алайда ол ережелердің ішінде бакалавриаттан басқасы жоқ. Шымкентте резидентура бөлек, сла бойынша басқа вице-президентке қарасты магистратура мен докторантура бөлек ережелерін бекіте ме? Ережеде жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары көрсетілмеген. Бакалавриат өз алдына, ал магистратура, докторантура және резидентура өз алдына бөлек жүре бере ме? Біз осыларды біріктіру үшін алдыңғы жылы көп жұмыс жасадық, дегенімен әр сала өз ережесін бекітіп алады. Ереженің мазмұнына сол ережені дайындайтын, әзірлейтін бөлім жауапты. Ереже дайындағанда егер оның мазмұны бірнеше бағыттан құралатын болса, сол саламен бірлесіп дайындау керек қой. Ереже дайындауға жауапты бөлім жұмысының нәтижесін орталық, департамент тарапынан қадағалау керек емес пе? Құрметті ереже дайындаушы бөлімдер мен мамандар! Оқу, ғылым, академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру, Шымкент медицина институты - бұл жауапты мәселелерді бірігіп жасаңыздар.

Ш.А.Есимова: Ережелер саны өте көп, бірігіп жұмыс істелінбейді. Ақылдасып, бір ауызды болайық.

Шешім 6.2: Ахмет Ясауи университетінің Ережелерін дайындау кезінде ереженің ішкі мазмұнын дайындаушыларға талап пен

жауапкершіліктер күшейтілсін. Ереже дайындау барысында тиісті шарттар барлық сала бойынша кешенді түрде қамтылсын *(жауаптылар: сала бойынша вице-президенттер, Департамент директорлары мен орталық жетекшілері. Орындау мерзімі: 2019ж. 1 маусымға дейін).*

6.3 Ж.Дарибаев: Күн тәртібінің алтыншы мәселесіндегі соңғы қарастыратынымыз Сапа саясаты, Академиялық саясат, Кадр саясаты, Қаржы саясаты құжаттарының рәсімделуі туралы. Назарларыңызға Сапа саясатының жобасын ұсынып отырмыз. Бұрынғы саясаттағы миссия, келешек келбет мәтіндері де өзгеріске ұшырады. Барлық ірі бағыттар бойынша саясат ресми түрде бекітілген, көпшілікке таныстырылған, сайтқа қойылған болу керек. Сапа саясатының жобасын сіздерге алдын ала таратқанбыз. Егер ұсыныстарыңыз болса қосыңыздар. Академиялық саясат та қайта қарауды қажет етеді. Ол барлық ережелерді біріктіріп жасалған сияқты әсер қалдырады. Саясат ережелердің ең ортақ ұстанымы негізінде болуы тиіс. Осы уақытқа дейін Кадр саясаты жоқ. Қаржы саясаты да жоқ. Стратегиялық мақсаттарға жетуіміз үшін адам ресурсы, оғана қатысты кадр саясаты маңызды роль атқарады. Стратегиялық жоспарда бұл сала бойынша саясат болу қажеттілігі көрсетілген. Оны орындау қажет.

Шешім 6.3: Сапа саясатының жобасы бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын. Академиялық саясаттың ішкі құрылымы мен мазмұнына толықтырулар мен өзгерістер ендірілсін. Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру мақсатында Кадр саясаты және Қаржы саясатын дайындау және талдау қолға алынып, бекітуге ұсынылсын *(жауаптылар: Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының жетекшісі Ж.Дарибаев, Академиялық департамент директоры Т.Ниязов, Құжаттама және персоналды басқару басқармасының басшысы Т.Ибеков, Қаржы департаментінің директоры Н.Ешметова. Орындау мерзімі: 2019ж. 20 наурызға дейін).*

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің төрайымы:



Ш. Есимова

Стратегиялық жоспарлау және сапа комитетінің хатшылығы:



**Т. Көшербаев
Г. Аширбек**